



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматыда Қаржыгерлер конгресінде Цифрлық теңге пилоттық режимде іске қосылды

Астана қ.

2023 жыл, 15 қараша

Алматыда Қазақстан қаржыгерлерінің XI Конгресі аясында ұлттық цифрлық валюта – «Цифрлық теңгені» айналымға енгізу жобасының алдын ала қорытындысы жарияланды.

Қазақстан Ұлттық Банкі екінші деңгейлі банктер мен олардың клиенттерінің қатысуымен цифрлық теңге платформасын пилоттық режимде іске қосты. Платформаның архитектурасы цифрлық теңгені екінші деңгейлі банктер клиенттеріне қызмет көрсететін банктің мобильді қосымшасында цифрлық шот ашу арқылы пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан қаржыгерлерінің Конгресі аясында Ұлттық Банк қатысушы банктердің пайдасына олардың цифрлық шоттарына және одан әрі банктер клиенттерінің цифрлық шоттарына **цифрлық теңгенің алғашқы эмиссиясын жүргізді.**

Сондай-ақ цифрлық теңгені пайдалану арқылы шынайы түрде алғашқы бөлшек транзакциясы жасалды.

Цифрлық шоттар арасында төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу функционалынан басқа, «смарт-келісімшарт» технологиясын пайдалана отырып, әлеуметтік қолдау шаралары аясында есеп айырысуды автоматтандыру үшін Алматы қаласы әкімдігімен бірлесіп іске асырылған **«цифрлық ваучерлерді»** пайдалану сервисі де жұмыс істейді.

Сондай-ақ, қатысушы банктер халықаралық төлем жүйелерімен ынтымақтаса отырып **цифрлық карталар** шығарды. Олар өз ұстаушыларына екінші деңгейлі банктерінің қолданыстағы төлем инфрақұрылымымен арадағы интеграцияның «тігіссіз» есебінен жеке және заңды тұлғалармен әдеттегі режимде цифрлық теңгенің төлемдері мен аударымдарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, 2023 жылғы 15 қарашада **шектеулі ортада және нақты пайдаланушылармен цифрлық теңге платформасы іске қосылды.**

Цифрлық теңгені толықтай енгізу ісі оның сервистерін, пайдалану сценарийлерін және платформаға қатысушылар ортасын кеңейту арқылы 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz